

"Қарасу ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылымдар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 5 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қарасу ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылымдар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Қостанай облысы, Қарасу ауданы Жаныспай ауылында антenna-діңгек құрылышы" жобасы бойынша электр желілерін тарту үшін Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі Жаныспай ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,0173 гектар жер участке сіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы Шолақашы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шолақашы ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы

Н. Бейсекеев